

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Мададова Севда Айвасқызы

«Шымкент қаласындағы Тассай мөлтек ауданын сумен жабдықтау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.ассоц.проф.

К.К.Алимова

« 23 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Шымкент қаласындағы Тассай мөлтек ауданын сумен жабдықтау»

Мамандығы 5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Мададова С.А.

Жетекші

техн.ғыл.канд., лектор

А.Н.Хойшиев

« 23 » 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., асоц. проф.

К.К.Алимова

«07» 02 2019 ж.

Дипломдық жобаны орындауға




ТАПСЫРМА

Білім алушы Мададова Севда Айвасқызы
Тақырыбы: «Шымкент қаласындағы Тассай мөлтек ауданын сумен жабдықтау»
Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан №1210-б бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «30» сәуір 2019 ж.
Дипломдық жобаның (жұмыстың) бастапқы берілістері
Нысанның орналасқан орны; бас жоспары, халық тығыздығы, су тұтыну нормасы, судың құрамы.
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Негізгі бөлім;
б) Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы;
в) Экономикалық бөлім.
Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
1) Жоспарланған су құбырларын жүргізу жоспары; 2) Қима 3) Қима; 4) Резервуардың жұмыс жасау жоспары; 5) Өндіріс жұмысының күнтізбелік жоспары; 6) Уақытша ғимараттар мен үймереттердің құрылыс бас жоспары.
Ұсынылған негізгі әдебиеттер 12 атау

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	12.02.2019-29.03.2019	орындалды
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	01.04.2019-16.04.2019	орындалды
Экономикалық бөлім	16.04.2019-30.04.2019	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған
Қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор	16.04.2019	
Экономикалық бөлім	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор	30.04.2019	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор	23.05.2019	

Жетекші

 А.Н.Хойшиев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Мададова С. А.

Күні

«23» 05 2019ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның негізгі бөлімінде сумен жабдықтаудың көздері, сорғыш бекеттері қарастырылған. Сонымен қатар тұрмыстық-ауыз судың қолданылуы, судың басқа да жағдайларда қолданылуы, техникалық қажеттіліктерге судың шығыны да көрсетілген.

Жобаның құрылыс бөлімінде құрылыс шартының сипаттамасы, жұмыс көлемін есептеу, Экономика бөлімінде эксплуатациялық шығындар, жергілікті, нысандық, жиынтық сметалар анықталды. Жобаның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері есептелген.

АННОТАЦИЯ

В основной части проекта рассмотрены источники оснащение водой, рассмотрены насосные станции. А так же использование воды в различных целях и показан расход воды технической необходимости.

В части строительных работ рассмотрены характеристика условия строительства. Определены эксплуатационные расходы, локальные, объектные и сводные сметы в экономической части. А так же расчет основных технико-экономических показателей проекта.

ABSTRACT

In the main part of the project, sources of water supply are considered, pumping stations are considered. As well as the use of water for various purposes and shows the water flow technical needs.

In terms of construction, the characteristics of the construction condition are reviewed. Defined operating costs, local, object and consolidated estimates in the economic part. As well as the calculation of the main technical and economic indicators of the project.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Құрылыс ауданның табиғи жағдайлары. Нысанның орналасқан жері	8
1.2 Жобаланатын сумен жабдықтау	9
1.2.1 Өртке қарсы шаралар	10
1.3 Су алу ғимараттары	12
1.3.1 Құрылыстың құрамы	12
1.3.2 Суды залалсыздандыру станциясы	12
1.3.3 Поселкелік сорғы станциясы торабы	13
1.3.4 Таза су резервуары	13
1.4 Магистральді су таратқыш	13
1.4.1 Құбыр материалын таңдау	13
1.4.2 Құбырды төсеу тереңдігі	15
1.5 Су арынды мұнара	16
2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	17
2.1 Өндіріс жұмыстары нысандарын анықтау. Жер жұмыстарының көлемі	17
2.2 Монтаждау жұмыстарының көлемі	20
2.3 Күңтізбелік жоспар құрылатын шығындардың калькуляциясын толтырамыз. Негізгі құрылыс материалдарын таңдау. Монтаждау крандарын таңдау	20
3 Экономика	22
3.1 Күрделі қаржы салымын анықтау	22
ҚОРЫТЫНДЫ	30
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	31
ҚОСЫМШАЛАР	32

КІРІСПЕ

Шымкенттің оң жағында су құбыры құрылысының бірінші кезегінің жобасын жасауға сумен жабдықтау сұлбасын жасау мұрындық болды. Шымкентті сумен жабдықтау сұлбасында су көздері, су тұтынушылар және сумен жабдықтау сұлбасының ықтималды бәсекелес нұсқалары қарастырылған. Ауылдық елді-мекендер мен аудан орталығы үшін су құбырының бірыңғай жүйесі жасалды.

Шымкенттің оң жағындағы су құбыры құрылысының I-ші кезегінің жасалып отырған жүйесі су құбырының бірыңғай жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

Құрылыс жүретін ауданның климаты жазда ыстық-құрғақ , ал қыста қары аз болатын, жыл бойына және тәулік бойына температурасы күрт ауысып тұратын күрт континентальді.

Ауаның орташа жылдық температурасы $8,3^{\circ}\text{C}$ тең.

Ауаның температурасының максималды мәндері шілде айында байқалып, $+45^{\circ}\text{C}$ жетеді, минималдысы қаңтар айында - 40°C . ҚР ҚН 4.01-02-2010 сәйкес массивті қоршалатын конструкцияны және жылытуды жобалауға арналған сыртқы ауаның қыстық есептік температурасы 24°C құрайды. От жағатын кезеңнің ұзақтығы 170 тәулік. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері – 118 мм, желдің орташа жылдық жылдамдығы – 5,2 м/сек. Су таратқыштың орналасу тереңдігі аудан орталығының су құбырын пайдалану тәжірибесі бойынша алынып, 2.10 м құрайды.

Шымкенттің оң жағындағы су құбыры құрылысы жүретін ауданның аумағы Тұран ойпатында орналасқан, аздаған еңістігі бар тегістелетін беттік қабатымен сипатталады. Абсолютті белгілер 216-дан 222 м дейінгі аралықта.

1 Негізгі бөлім

Құрылыс ауданның табиғи жағдайлары. Нысанның орналасқан жері

Жобаланатын Шымкенттің оң жағындағы су құбыры құрылысының әсер ету аймағы Тассай мөлтек ауданының орталық бөлігінде орналасқан.

Су құбырына қызмет көрсету аймағына Шымкент қаласына жаңадан қосылған көптеген елді-мекендер кіреді. Қарастырып отырған ауданның жеткілікті түрдегі ыңғайлы автомобиль қатынастары бар.

Құрылыс жүретін ауданның климаты жазда ыстық-құрғақ, ал қыста қары аз болатын, жыл бойына және тәулік бойына температурасы күрт ауысып тұратын күрт континентальді.

Жобаланатын су құбырын учаскесі орталық бөлігінде орналасқан, оның беттік қабаты заманауи және жоғарғы ширек түзілімдермен жиналған.

Сипаттап отырған аумақтағы заманауи түзілімдер генетикалық үш типпен берілген: аллювиальді, көлді- аллювиальді және эолды. Түзілімдердің жалпы қуаты 10-20 м жетеді, және бұл кезде беттігінде саздар мен қуаттылығы 2 ± 5 м құмдасын құрайды, құмнан төменірек жоғарғы ширекті түзілімдер өзара қабаттасатын саз және құм болып келеді. жоғарғы ширекті түзілімдердің жалпы қуаты 10-35 м аралығында өзгереді. Қуқыл-сарғылт, ақшыл қоңыр, күлгін-жасыл, құмдас саз балшықтар. Саз балшықтың қуаттылығы 2 ± 3 м-ден 10 м дейін. Құм, әдетте күлгін, шақпақты, орташа іріліктегі және ұсақ, олардың қуаты 2 ден-8 м дейін.

Гидрогеологиялық жағдайлар. Геологиялық құрылымдарына сәйкес келесідей ағымды суы бар горизонттар мен кешендер анықталған.

- 1) Ширек аллювиальді түзілімдердің ағымды суы бар горизонттары.
- 2) Маастихат түзілімдерінің ағымды суы бар горизонттары.
- 3) Коньяк-кампан түзілімдерінің ағымды суы бар горизонттары
- 4) Сеноман- жоғарғы ширек түзілімдердің ағымды суы бар кешендері
- 5). Жоғарғы альба ағымды суы бар горизонттары.

Барланған елді-мекен аясында Сеноман- жоғарғы ширек түзілімдердің ағымды суы бар кешендері тәжірибелік қызығушылық тудыруда, қалған ағымды суы бар горизонттар ондағы судың минералдануының жоғары деңгейде болуы себепті шаруашылық-ауыз су үшін сумен жабдықтауға кеңес беруге келмейді. Сеноман- жоғарғы ширек түзілімдердің ағымды суы бар кешендері жобаланатын су бөгеті шегінде 150-ден 390 м дейінгі тереңдікте ашылып, сынама алынған. Су сыйымдылықты жер қойнауы ұсақ түйіршікті кварцты күлгін құмдармен берілген, оның қуаты 100-120 м құрайды. Сеноман- жоғарғы ширек түзілімдердің ағымды суы бар арынды кешендерінің пьезометриялық деңгейлері жер қабатынан 6.8-7.3 м тереңдікте орнатылған.

Суды сору кезіндегі №1108 және «1109 бұрғылардың дебиттері 28.1 және 29,3 м/с құрайды, төмендегенде сәйкесінше 18 м және 23,9 м. Үлесті

дебиттер 1,2 және 1,6 м/с тең. Сапасы бойынша жер саты сулары әлсіз минералданған-1,04-тен 1,108 г/л дейін.

Судың температурасы 19-21°C. Химиялық құрамы бойынша су хлоридті- сульфатты натрийлі. Жалпы қатаңдығы 0.6 мг экв/л. Су бактериологиялық таза, ҚР СанНж/Е-3.01.067-97 нормаларына сәйкес келеді. Кен орнының жер асты суларының қоры 30 мың м³/тәул құрайды.

Қарастырып отырған мөлтек ауданда сумен жабдықтаудың негізгі көзі құбырлы құдықтар және шаруашылықтың арық желісі болып табылады. Судың шығу көзі - №1050 ұңғыма 6 л/сек, тереңдігі -284 м, минералдануы 1.6г/л, және екі шахталық құдық, дебиті 3 л/с, оның минералдануы 2 г/л, қолданыстағы су тұтыну мөлшері -74 м³/тәул құрайды. Қолданыстағы су көзінің суы залалсыздандырылмайды, ал І көтерілім сорғы станцияларының (ұңғыма үстілік) санитарлық күзет аймақтары жоқ. Және, өндірістік және мал шауаршылығы секторлары тұрғындардың барлық қажеттіліктері қажетті мөлшерде қамсыздандырылмайды.

Су тұтыну дефицитін анықтау үшін ҚР ҚН 4.01-02-2009 бекітілген, С.Сейфуллин ат. Кеңшар ОБ Ленино п. су тұтынудың минималды нормасы бойынша тұтынылатын су мөлшерінің есебі іс жүзінде 74 м³/тәул құрайды. Нормативті су тұтыну – 179 м³/тәул құрайды. Су тұтынудың дефициті 79 м³/тәул. Сонымен, қолданыстағы су тұтыну Нормативті су тұтынудың 45%, ал дефициті 55 % құрайды. Жоғарыда баяндалғанның негізінде, сумен жабдықтаудың қолданыстағы жай-күйі елді-мекендердің шаруашылық- ауыз су және өндірістік қажеттіліктерін қамтамасыз етпейді. Сондықтан, қазіргі кездің өзінде қарастырып отырған ауданның сумен жабдықталуын түбегейлі жақсарту бойынша іс-шаралар қажет.

Жобаланатын сумен жабдықтау

Жобалауға берілген тапсырмаға сәйкес Шымкенттің оң жағындағы су құбырының І-ші кезекті сумен жабдықтаудың жобаланатын нысандарына есепті кезең (2019) кезең ретінде аламыз:

Суды негізгі тұтынушылармен қатар (тұрғындар мен мал шаруашылығы) ауыл шаруашылық техникасына қызмет көрсету және жөндеу және басқа да өндірістік және мәдени-тұрмыстық кәсіпорындарды алуға болады, сонымен қатар су құбырының жобаланатын жүйесінің нысандарын сумен жабдықтау (сорғы станцияларының өзіндік қажеттіліктері мен хлорлайтын орын).

Суды пайдалану нормалары және ауылды жерлердің тұрғын үй құрылысының көркею дәрежесін ҚР ҚН 4.01-02-2009 сәйкес қабылдаймыз. Есептік тәуліктік су шығыны (бір жылға секундпен) $Q_{\text{тәул.орт}}$ - м³/тәул елді-мекендегі шаруашылық-ауыз суға қажеттілікті формула бойынша анықтаймыз

$$Q_{\text{орт.тәул}} = \frac{Q_{\text{ж}} \cdot N}{1000} = \frac{150 \cdot 7850}{1000} = 589,25 \text{ м}^3/\text{тәул}, \quad (1.1)$$

мұндағы $g_{ж}$ - 1 кесте бойынша қабылданатын су тұтыну нормасы.

N – тұрғындардың есептік саны.

Су тұтынудың тәуліктік судың есептік ең үлкен және ең кіші шығынын $Q_{тәул.}$ анықтаймыз

$$Q_{тәул. max} = K_{тәул. max} \cdot Q_{тәул. opt} = 1,2 \cdot 589,25 = 607,1 \text{ м}^3/\text{тәул.}, \quad (1.2)$$

$$Q_{тәул. min} = K_{тәул. min} \cdot Q_{тәул. opt} = 0,8 \cdot 589,25 = 471,43 \text{ м}^3/\text{тәул.} \quad (1.3)$$

Су шығынының g_z - есептік сағаттық нормасы ($\text{м}^3/\text{сағ}$) формула бойынша анықталады:

$$q_{сағ. max} = K_{сағ. макс} \frac{Q_{тәул. max}}{24} = 2,21 \cdot \frac{607,1}{24} = 19,87 \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.4)$$

$$q_{сағ. min} = K_{сағ. мин} \frac{Q_{тәул. min}}{24} = 0,05 \cdot \frac{471,43}{24} = 1,15 \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.5)$$

мұндағы $K_{сағ. max} = \alpha_{сағ. max} + \beta_{max} = 1,3 \cdot 1,7 = 2,21,$ (1.6)

$$K_{сағ. min} = \alpha_{сағ. min} + \beta_{min} = 0,5 \cdot 0,1 = 0,05. \quad (1.7)$$

Қоғамдық пайдаланатын тал шыбықтарды суару жобада қарастырылмаған, себебі шаруашылық кенттерінің суаратын желісі дамыған. ҚР ҚН 4.01-02-2009. 2.26 тарм. Сәйкес ауылды жерлердегі селитебті аумақтағы жер бетіндегі еркін арынның қажеттілігін, бір және екі қабатты құрылыста 10 м деп қабылдаймыз.

Өртке қарсы шаралар

Кенттегі сыртқы өрт сөндіруді жоғары қысым су құбыры желісінде орнатылған өртке қарсы гидранттардан аламыз. Кенттегі сыртқы өрт сөндіру қажеттілігінің есепті шығынын ҚР ҚН 4.01-02-2009. 2.12 тарм. сәйкес қабылдаймыз.

Елді-мекендердегі сыртқы өрт сөндіруге арналған су шығыны ($g_n = 10$ л/с – бір өртке) + 10 л/сек ішкі өрт сөндіруге

$$q_n = 1(10+10) = 20 \text{ л/сек.}$$

Сағатқа тең өрт сөндірудің есепті өнімінде Елді-мекендердегі өрт сөндіру қажеттілігіне судың шығыны құрайды:

$$Q_{\text{өрт}} = \frac{1 \cdot 20 \cdot 3600}{1000} = 72 \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (1.8)$$

Кенттерге арналған ішкі өрт сөндіруді ғимараттың ішінде орнатылатын өрт крандары бойынша қарастырамыз:

- гараж – 2,5 м/сек бойынша 2 ағын
- клуб -5 м/сек бойынша 2 ағын.

Судың өрт сөндіру қоры 216 м³, шаруашылық- ауыз су және өндірістік қажеттіліктеріне арналған су қоры 3 сағаттық максималды тұтынуда 126 м³, судың бұзылмайтын өртке қарсы қоры 342 м³.

Жобамен кенттерді өрттен сөндірудің келесі сұлбасын қабылдаймыз: жөндеу- пайдалану учаскесінің диспетчерлік пунктiнен «өрт» сигналын алғанда кенттегі сорғы станциялары жұмысқа кіріседі, бұл кезде сорғылардың шаруашылық- ауыз су топтары мен су тарату мұнарасы сөндіріледі. Өртке қарсы сорғылар бір мезетте кенттердің шаруашылық- ауыз су қажеттіліктерінің максималды шығынында өрт сөндіру үшін 3 сағат бойына су беруін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, су тарататын мұнараларда сыртқы және ішкі өртті сөндірудің ұзақтығы 10 мин болғандағы су қорын да қарастырамыз. Судың бұзылмайтын өртке қарсы қоры сорғы станцияларындағы таза су резервуарларында орнатылатын деңгейлік реле құрылғысына байланысты.

Диспетчерлік пункттен «өрт» сигналы түскенде резервуарлардағы судың бұзылмайтын өртке қарсы қорын «алу» туралы сигнал беріледі және сорғылардың шаруашылық- ауыз су тобы сөндіріліп, «өрт» сорғылары іске қосылады.

Сумен жабдықтаудың қабылданған сұлбасы мен жүйесі

Сумен жабдықтаудың таңдап алынған көзіне және тұтынушыларға суды беру тәсіліне қарай сумен жабдықтаудың келесі сұлбаларын қабылдаймыз:

Кен орнының жер асты суларын ұңғыма үстінде орналасқан I көтерілім үш сорғы станциясымен (2 жұмысшы және 1 резервті) II көтерілім сорғы станциясының қабылдау резервуарына су жинайтын су таратқыш бойынша беріледі. Залалсыздандырылғаннан кейін (хлорлау) су II көтерілім сорғы станциясынан магистральді су таратқыш желісіне беріледі, сол арқылы әрбір елді-мекенге тасымалданады. Магистральді су таратқыш желісінен су кенттегі сорғы станциясы торабына жетіп, су тұтыну кестесіне қарай су құбырының кенттегі тарату желісіне судың берілуі қамтамасыз етіледі. Кенттегі сорғы станциясының қабылдау резервуарларында апатты, өртке қарсы және су қорын реттейтін сақтау қарастырылған.

Су алу ғимараттары

Су құбырының жобаланатын жүйесінің су тарату құрылысы келесі ғимараттардан тұрады:

А) I көтерілім үш сорғы станциясы №3 (ұңғыма үстілік)

Б) №12 су құбырының I көтерілім үш сорғыш бекетінің (су таратқыш құрамына кіреді) еркін түрде алынған сорғылы-күштік жабдыққа ауыстыру бойынша реконструкциясы.

В) Бірінші көтерілім №3 үш сорғыш бекеті торабынан №1 екінші көтерілім сорғыш бекеті торабына дейін.

Бірінші көтерілім №1 және 2 сорғыш бекеттеріне қосымша (жұмыстық) құрылысқа №3 резервті сорғыш бекетін қабылдаймыз (барлау ұңғымасы 1110). Мәліметтер А.1 және А.2 кестелерінде берілген

Кенттің көшеттерін суару кенттердің дамыған суару желісі (арық) арқылы жүзеге асырылады.

Су жинайтын су таратқыш. Бірінші көтерілім № 3 сорғыш бекетінен су, диаметрі 300 мм және ұзындығы 1126 м болатын су жинайтын су таратқыш бойынша 24,7 л/с шығынмен екінші көтерілім №1 сорғыш бекетінің алаңқайына беріледі.

Құрылыстың құрамы

I көтерілім №1 сорғы станциясының торабы Шымкенттің оң жағындағы су құбырының құрылысымен қарастырылған:

1. Сағатына 1 кг/хлор есептелген хлораторий, және сорғы станциясының ғимаратында орналасқан бактерицидті қондырғы демонтаждалады.

2. Сыйымдылығы 250 м³ резервуар.

3. Сорғы станциясының кеңейтуге байланысты қосымша, ұзындығы 8 м. Темір-бетон панелдерден жасалған қоршау.

II көтерілім сорғы станциясының сорғы-күштік жабдығы № жұмысының кестесі берілген.

Есептеулер мәні А.3 кестесінде берілген.

Ескерту: су құбырының толық дамуына 1 кезек таратқыш сорғылар тобы демонтаждалып, 4АН280 М4; W 160 квт Электр қозғалтқышы бар Д630-90 маркалы сорғы орнатылады.

Суды залалсыздандыру станциясы

Санитарлық норма талаптарына сай жобада суды залалсыздандыру қарастырылған (суды сұйық хлормен хлорлау). Су жинаудың өнімділігі 4235 м³/тәул болғанда және белсенді хлордың қабылданған 1,03 г/ м³ мөлшерінде (

топтық су жинауды пайдалану барысында белсенді хлор мөлшерлемесі нақтылануы керек) хлораторийдің есептік өнімділігі сағатына 0,176 кг хлор құрайды.

Поселкелік сорғы станциясы торабы

Суды берудің технологиялық сұлбасы бойынша жобада сорғы станциясының келесі торабын қабылдаймыз:

Су жинайтын құрылыстан суды қабылдайтын және оны магистральді желі бойынша әрбір елді-мекенге және кенттік сорғы станцияларының №2-5 тораптарына жеткізетін II көтерілім №1 сорғы станциясы. А.4, А.5 және А.6 кестелерде сорғы станциясының торабы және оның магистральді су тарататын желідегі орналасқан жері көрсетілген.

Таза су резервуары

Судың хлормен байланысы үшін, апатты, бұзылмайтын және сорғы станцияларындағы су қорын реттейтын Су жинайтын ғимараттардан суды қабылдау үшін сорғы станциялары алаңдарында таза судың жер асты темір бетон резервуарларының құрылысын қарастырамыз.

А.7 кестеде сорғы станцияларындағы тораптардың қабылданған резервуарлы сыйымдылық сияттамаасы берілген.

Апатты су қорының мөлшері кенттер үшін 27 сағ. Ішінде су таратқышта апатты жою есебінен қабылданған, атап айтқанда: №34 кестеге сәйкес, -15 сағ және қосыша 12 сағ- апатты жойғаннан кейін құбырларды шаю үшін.

Магистральді су таратқыш

Құбыр материалын таңдау

Су таратқыш жүйесінің өзіне тән ерекшелігі суды айтарлықтай қашықтыққа беру болып табылады, бұл өте үлкен ұзындықтағы магистральді су таратқыштың құрылысымен байланысты, бұның құны бүкіл жүйенің құрылысына жұмсалатын күрделі шығынның негізгі шығынын құрайды. Су құбырларының құны көп жағдайда құбырдың материалына, байланысты болады, онымен өз кезегінде су таратқыш жұмысының гидравликалық рауалы параметрлері байланысты.

Сөйтіп, су құбырының материалы құрылыстың құнына ғана емес, топтық су құбырының техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне де, жалпы алғандағы топтық су құбырының бүкіл технологиялық жүйесіне де

айтарлықтай әсер етеді. Осы жобаны құру кезінде құбыр материалын таңдауға көп көңіл бөлінді.

Магистральді су таратқыш технологиялық жобасы бойынша №2 сорғы станциясынан магистральді су таратқыштың 2 желі учаскесіне бұратындай бір желіге жобаланған. А.7 кестеде Магистральді желінің негізгі учаскелері мен су жинақтаушының негізгі су таратқышы келтірілген.

Топтық су құбыры тұйық желімен жобаланғандықтан, апат кезінде желінің қандай да бір учаскесіне су беру тоқтатылуы мүмкін, елді-мекендерді бұл кезде сумен жабдықтау сорғы станцияларының қабылдайтын резервуарларында сақталатын судың апатты қорының іске қосылуы есебінен беру қарастырылған.

Су таратқышты бір желіге тартқанда апатты жою кезіне су қорының сыйымдылығы су беруді қамтамасыз етуі тиіс:

- шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне есептік орта сағаттық шығынның 70%;
- өндірістік қажеттілікке апатты кесте бойынша. өндірістік қажеттілікке берілетін суды 70% дейін азайту қарастырылған;
- мал шаруашылығы секторы қажеттілігіне, олардың су тұтынуының есептік нормасына малды суарудан басқа қосалқы операциялар шығыны мен апат кезінде қосылмайтын жұмыстар кіреді, яғни, норманың жалпы ықтималды қысқаруы 70% дейін құрайды.

Сонымен қатар, сыртқы өртті сөндіруге жұмсалатын судың өртке қарсы қорын сақтау қарастырылған. Сыртқы өртті сөндіруге жұмсалатын судың есептік шығыны 4.03 тармақта. Су таратқыштағы апатты жоюдың ұзақтығын 27 сағат деп қабылдаймыз.

Су таратқыштардағы гидравликалық соққы

Гидравликалық соққыға магистральді су таратқыштың барлық учаскесі тексерілді. Су таратқыштың гидравликалық соққыдан қорғанысын келесі жағдайлар үшін қарастырамыз:

- электр энергиясымен қоректендірудегі үзіліс болуы себепті су беруді тоқтатқанда сорғының кері клапанының жабылуы;
- су таратқыштың шетіндегі немесе желінің тұйықтығындағы ысырмалардың тез жабылуы;
- сорғы станциясындағы ысырмалардың ауысып-қосылуы.

Магистральді желінің гидравликалық соққыға есебі электр энергиясын беру тоқтатылған немесе су беретін сорғының кері клапанының жабылуы жабылу жағдайына ЭЕМ ЕС-1022 келтірілген.

Есептеулермен төменгі қысым (0.09м) су тарату учаскелері анықталды, онда құбырдағы су ағынының үздіксіздігі үзілуі мүмкін. Су таратқыштың осы критикалық нүктесінде жобамен соққыға қарсы құрылғыларды орнатуды қарастырамыз.

Құбырды төсеу тереңдігі

ҚР ҚН 4.01.02-2009 8.4 сәйкес су таратқыш құбырды төсеу тереңдігін топырақ қабатына нөлдік температураның енуінің есептік тереңдігінен 0,5 м тереңірек етіп қабылданады.

Топырақ қабатына нөлдік температураның енуінің максималды есептік тереңдігі 1.06 м деп алынған Тереңөзек аудан орталығына арналған қолданыстағы су таратқышты пайдалану тәжірибесін ескеріп, топты су құбырының төсеу тереңдігін -2,10 м деп қабылдаймыз. 2,10 м кем тереңдікте су таратқыш төсеу шағын ұзындықтағы жеке учаскелерде ғана мүмкін болмақ.

Су құбыры желісінің арматурасы мен құдықтары.

Су құбырының желісі арматурасы бар құдықтармен жабдықталған, олар суды тұтынушыларға беруді реттеу және тарату үшін қарастырылған, сондай-ақ жөндеу кезінде су таратқышты босатуға арналған. Су таратқыштың магистральді желісінің көтерілген тұстарында жиналған ауаны шығаруға арналған вантуздарды орнату қарастырылған. Су таратқыш трассасының ең төмегі тұстарында апат кезінде су таратқышты босатуға арналған су шығарғыштар орналасқан. Жөндеу жұмыстары үшін (апат кезінде) Су таратқыштар ысырмалармен жабдықталған, 3 км. дейінгі қашықтықта қарайтын құдықтарды орналастырумен, жөндеу учаскелеріне бөлінген. Су құбыры желісіндегі су құбырлы құдықтар А.9 кестеде берілген

Тарататын су құбыры желісі.

Кентті сумен жабдықтау үшін шаруашылық-ауыз су және өртке қарсы су құбырын бірыңғай етіп аламыз.

Тұйық желілерді ҚН 8.5 сәйкес ұзындығын 200м аспайтындай етіп қабылдаймыз. Су құбырлы құдықтардың және тұйықтардың кенттер бойынша саны кестеде берілген.

Кенттердегі су құбыры желісі максималды шаруашылық шығынына және максималды шаруашылық шығыны + өрт шығынына есептелген (А.10 кесте).

Құбыр материалы және сортаменті

Кенттің су құбыры желісі және арынды су таратқышын МЕСТ 18599-98 ПНД «С» типі бойынша полиэтилен құбырынан аламыз. Тарататын су құбыры желісінің құрылысына арналған құбыр сортаментінің тізімі А.11 кестеде берілген.

Құбыр төсеу тереңдігі. «Құрылыс климотологиясы және геофизика» сәйкес , СН 478-80, 111 т. және су құбыры желісінің құрылыс тәжірибесі бойынша құбыр төсеу тереңдігін 2,1 м етіп аламыз. Су құбыры желісінің арматурасы мен құдықтары

Топты су құбырының желісі арматурасы бар құдықтармен жабдықталған, олар суды тұтынушыларға беруді реттеу және тарату үшін қарастырылған, сондай-ақ жөндеу кезінде су таратқышты босатуға арналған. Су таратқыштың магистральді желісінің көтерілген тұстарында жиналған

ауаны шығаруға арналған вантуздарды орнату қарастырылған. Су таратқыш трассасының ең төменгі тұстарында апат кезінде су таратқышты босатуға арналған су шығарғыштар орналасқан.

Су құбыры желісінен енгізілмейтін тұрғын үй құрылыстары үшін суды алу әрекет радиусы 100 м аспайтын желілерде орналасқан су жинайтын құдықтардан жүзеге асырылады. Су жинайтын құдықтардың маркасы ВК-6.-Талдықорған зауытында шығарылған. Су құбыры желісінде өрт сөндіру жағдайында жолдың өтетін тұсында қашықтығы 150 м аспайтын жерде өрт гидранттарын орнату қарастырылған. Төменде колонкалары бар су құдықтарының және кенттің су құбырлы желісінің өрт гидранттарының кестесі берілген.

1.5 Су арынды мұнара

Қажетті қамтамасыз ету үшін, сорғылармен суды беру және кенттегі су тұтыну арасындағы сыйымдылықты реттеу үшін және судың 10 минуттық өртке қарсы қорын сақтау үшін жобада кенттің су құбырлы желісінің басында орнатылатын су айдайтын мұнараны қарастырамыз (А.12 кесте).

2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы

Құрылысшылардың алдында құрылыс және монтаждау жұмысын орныдау бойынша ауқымды міндеттер тұр, ең алдымен өнеркәсіптік кәсіпорындарды және түрлі ғимараттар мен құрылымдарды қалпына келтіру.

Күрделі құрылыс алдында күрделі қаржы салымының тиімділігін арттыру, өндірістік қуаттылықты енгізуді тездету, сапасын арттырып, жұмыстың өзіндік құнын азайту бойынша міндеттер қойылған. Бұған индустриализация және құрылысты механикаландыру арқылы ғана, үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту, құрылыс және монтаждау жұмыстарын орындау технологиясы мен ұйымдастыруын жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады.

Сумен жабдықтау және су тарату жүйесі құрылысының халық шаруашылығы және әлеуметтік маңызы зор, өйткені ол адамдардың өмір сүру деңгейін арттыруға, елді-мекендерді көркейтуге, қоршаған ортаны қорғауға және ел экономикасын арттыруға бағытталған.

Елімізді индустриаландыру бойынша ауқымды міндеттерді орындау жаңа кәсіпорындар үшін және тұтас өнеркәсіптік аудандар үшін ірі әрі өте күрделі су құбырлары жүйесінің құрылысын салу қажет етеді. Бірқатар аудандарда су көзінің жеткілікті болмауы себепті су жинайтын, су сақтайтын, сорғы және су тазартатын кешендері бар су құбырлы арнайы арналар құрылды.

Жаңасының және әрекеттегі су құбырлары құрылысының жоғары қарқыны соңғы жылдары байқалып отыр. Бірақ, су ресурстарына жету қиындап барады, сондықтан оларды пайдалану мәселесі мен экономика жағы – өте өзекті мәселе, және ол ресурс сақтайтын технологияны енгізу арқылы шешілуі керек.

Қазіргі кезде су шаруашылығы құрылысы құрылыс өндірісінің дербес саласына айналған. Мамандандырылған құрылыс-монтаждау ұйымдары қажетті техникамен, материалды-техникалық базамен және көлікпен жабдықталған. Құрылысшылар өндіріске озық технологияны ендіру бойынша бай тәжірибе жинақтады.

2.1 Өндіріс жұмыстары нысандарын анықтау. Жер жұмыстарының көлемі

Жұмыс көлемін анықтау үшін траншеялардың көлемін анықтау қажет. Құрылыс учаскесінің диаметрі әр түрлі болғандықтан, климаттық деректер және аудан жағдайы бойынша жердің қату тереңдігі-1.6 м. Топтастырылған су құбырын төсеу тереңдігі -2,1 м қабылданған. Траншеялардың енін белгілі бір диаметр бойынша аламыз. Траншеялардың бойлық еңістігін топырақ тобына қарай және 2.1-кестеге сәйкес аламыз.

